

1. Жанұзақ, Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. - Астана «ІС-СЕРВИС» ЖСШ, 2006 ж. - 400 бет
2. Семей өңірінің тарихи топонимдері географиясын зерттеудің перспективалары мен маңызы [Электронды ресурc] // stud.kz. - Қол жеткізілді: <https://stud.kz/referat/show/107460>
3. Сеитова Ш. Б., Әскерханова А. Қ. Шығыс Қазақстан ономастикалық кеңістігіндегі ұлттық негіз. Семей: Tengri, 2013. - 76 б.
4. Әбдірахманов С. Ә. Шығыс Қазақстан географиялық нысандарының бұрмаланған эндонимдік атаулары. «Өңірлердегі ономастика мәселелері: көше атаулары жазылған тақтайшаларды безендіру» республикалық дөңгелек үстел материалдарының жинағы. - Астана, 2012. - 84 б.
5. Қазақ ономастикасының мәселелері. ҚазКСР Ғылым академиясы Тіл білімі институты. - Алматы: Ғылым, 1986. - 136 б. Редколлегия мүшелері: Ә. Қайдаров, А. Әділұлы, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, О. Нақысбеков. Жауапты редакторы - Т. Жанұзақов.
6. Михнова П.В. Среда и архитектурно-художественная система исторических городов Северо-Восточного Казахстана (начало XVIII - начало XXI вв.): Автореф. дис. ... канд. архитектуры. - Новосибирск, 2007. - 26 б.
7. Кашляк В.Н. Семипалатинск: Их имена названы... - Семипалатинск, 2006. - 355 б

## **ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ БАСПАНАЛАРЫ**

**Бекбосынова Ж.К.**

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Исаева А.И.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Электрондық адресі: [zhansayabekbosynova91@gmail.com](mailto:zhansayabekbosynova91@gmail.com)

Алматы қ.

Қазақ халқының этнографиясы - бұл ұлттың тарихи жады, рухани мәні, мұраланған өмір салты, мәдени коды және дүниетанымын бейнелейтін ғылым саласы. Бұл этнографияның ғылыми мойындалуы мен зерттеуге негізделген тәсілі қоғамдық пікір мен ұлттық сананың қалыптасуымен ажырамас байланысты. Өзбекәлі Жәнібеков 20 ғасырдың екінші жартысында осы бағыттарда ерекше ынталандыруға әкелген жаңа зерттеулерді ұсынған жетекші тұлғалардың бірі болды. Академик М.Қозыбаевтың айтуынша, ғалым Өзбекәлі Жәнібеков тарихты ұлттың қазынасы деп ретінде түсініп, ұмыт болған рухани құндылықтарымызды қайта жаңғыртқан, «рух сардары атанған» атанған тұлға [1,239 б.]. Өзбекәлі Жәнібековтың қазақ этнографиясына қосқан үлесі ұлт руханиятының терең тамырын қайта түлеткен тұлғаның қайсар еңбегінің айқын көрінісі. Ол халқымыздың ұлттық киім үлгілерін, қазақтың тұрғын үй-жайын, ұлттық аспаптар тарихын және тағы басқада қазақ мәдениетінің саласын зерттеп, «Қазақ қолөнерінің мәдениеті [2] », «Уақыт керуені» [3], «Қазақ киімі» [4], «Жолайықта» [5] атты еңбектер жазып қалдырған Өзбекәлі Жәнібеков дәстүрлі қазақ мәдениетін зерттеуде, әсіресе халықтық сәулет өнерінің қайта өрлеуінде маңызды тұлға болып табылады.

Ол өз зерттеулерінде Қазақстан жерін мекендеген тайпалы одақтардың кезеңінде, яғни біздің заманымызға дейін пайда болған алғашқы баспаналар - жылжымалы үйлерден бастап отырықшы мәдениеттің негізі болған жер үйлердің қалыптасу тарихы мен құрылымына тоқталып кетеді. Ө.Жәнібековтың «Жолайықта» атты еңбегінде алғашқы аңшылардың баспаналары- қос және кепе болғандығы айтылады [5,18 б.]. Этнограф Өзбекәлі Жәнібеков қос пен кепенің жасалу жолын былай деп сипаттайды: «Қос- сырықтарды жерге қадап, жоғарғы бөлігін біріктіріп буып, сыртын ағаш қабықтармен, аң терісімен жабу арқылы жасалады. Ал кепе болса жерді қазып, қазылған шұңқырдың ортасынан түтін шығатын тесік жасайды. Баспананың үсті көтеріліп тұру үшін айналасына тіреуіш ағаштары орналастырылып оның үстіне бұтақтар тасталады. Жылуды сақтау үшін бұтақтардың үстіне аң терісі тасталады» [5,18 б.]. Қос көшпелі өмір салтына бейімделіп жасалған баспана болды. Қосты көшіп-қонғанда оның сырықтарын, үстіне жабатын киізі мен малшының көрпе-төсегін жинап бір ғана түйеге артып көше беретін болған [5, 28 б.]. Бұл қостың көшпелілер үшін оңтайлы баспана болғанын көрсетеді. Ғалымның зерттеулері бойынша қосты сонымен қатар жолымүй деп атайды екен. Бұл атау «жол» деген сөзден өз бастауын алады. Яғни жолға арналған көшпелі үй. Ө. Жәнібековтың зерттеулері бойынша қосты көбіне жылқышылар пайдалаған. Сонымен қатар баспананың бұл түрі жорық кезінде де жиі пайдаланып отырғанын байқауға болады. Қостың киіз үйден ерекшелігі: оның уықтары тұзу келеді. Қостың шаңырағы болмағандықтан оның төбесі сүйір болады. Қос көп жағдайларда тек екі қанат керегеден ғана тұрды. Қостың үстін киізбен жапқан. Этнографтың пайымдауынша қос ежелгі

дүниеден бастап, XX ғасырға дейін қазақ мәдениетінің бір бөлшегі болған. Ө. Жәнібековтың еңбектерінде қостың дамуы барысында оның қаңқасына кереге мен уықты қосу арқылы күрке пайда болғандығы айтылады. Ғалымның зерттеулерінде күрке туралы не айтылғандығына тоқталып кетейік: Күрке үш қанат керегеден тұрған. Оның уықтары тіке орналасқандықтан күмбезі толық домалақ болмайды. Күркенің сырты киізбен немесе терімен жабылады [5,28 б.]. Күрке көлемі жағынан шағын ғана болған. Оны көбіне бір жерден екінші жерге көшіп қонып мал бағу үшін пайдаланған. XX ғасырдың 30-40 жылдары күркенің қазақ тұрмысынан шығып қалуына байланысты қазіргі таңда күркені көп кездестіре бермейсің. Адамдар қосты ары қарай дамытып, қаңқасына шаңырақты қосу арқылы абылайшаны жасап шығарады. Абылайшаны көбіне жауынгерлер жорық кезінде уақытша баспана ретінде пайдаланған. Абылайшаның пайда болуын көпшілік жұрт жоңғарларға қарсы шайқаста басшылық еткен қазақтың ұлы тұлғаларының бірі Абылай ханмен байланыстырады [5, 30 б.]. Өзбекәлі Жәнібековтың зерттеулерін қазақ баспанасын зерттеген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, сәулетші Сайын Назарбекұлының “Қазақтың киіз үйі” атты еңбегінде келтірген деректермен толықтыратын болсақ: Ол «абылайшаны алғашқы кезеңдерде жорық үй деп аталғандығы, уақыт өте келе Абылай хан билік еткен кезеңінде көп пайдаланылуына байланысты абылайша аталып кеткен» деп пікір қалдырады [7, 35 б.]. Ғалым Өзбекәлі Жәнібековтың зерттеулерінде Абылайшаның қостан айырмашылығы туралы айтылады. Абылайшаның сырықтарын жәй ғана біріктіре салмай, оларды шаңыраққа қадап киіз үйге жақын пішінде жасалады. Шаңырақтан бөлек түндік пен киіз есік алғаш болып абылайшада пайда болған. Жорыққа қолайлы болу үшін абылайшаны үш қанат қылып жасаған. XX ғасырда абылайша жорықтардан бөлек ауыл шаруашылығында кең пайдаланып келгенімен 20-30 жылдары қолданыстан мүлдем шығып қалды [5,30 б.]. Этнограф келесі кезекте мал шаруашылығына қолайлы туырлық үйге тоқталады. Қазақ халқының өмір салтында мал шаруашылығы ерекше орын алады. Туырлық үй көші-қон кезінде табиғи жағдайы мал бағуға келмейтін, бір-екі күннен артық тұрақтай алмайтын жерлерде салынатын баспана болып табылады [5,32 б.]. Туырлық үйдің керегесі үш-төрт қанаттан тұрады. Шаңырағы кішкентай. Уықтары шаңыраққа қадалып орналастырылады. Уық саны аз болады. Үйдің қабырғасы толықтай туырлықпен жабылады. Туырлық үйді Батыс Қазақстан, Жайық пен Сағыз бойын мекен ететін халық көп пайдаланған [6,159 б.]. Келесі кезекте ғалым Қазақ халқында молшылық пен берекенің, сәттіліктің нышаны болып есептелетін ақ үй деп аталатын баспана түріне тоқталады. Ол алты қанат керегеден тұрыды. Керегенің биіктігі 135-142 см, әр қанатта 15 бас болады. 80-90 шақты уықтан тұрады. Әр уықтың ұзындығы 240-250 см. Диаметрі 180-190 см болатын шаңырағы бар. Сонымен қатар босаға, маңдайша және табалдырықпен бірге жасалатын қос қанатты ағаш есік- сықырлауықтан тұрады. Ақ үйдің үсті төрт туырлық, екі үзік және түндікпен жабылады [5,336.]. Ақ үй- көшпенділер арасында кең тараған және ең жетілдірілген, еңғайлы баспана болып табылады. Ақ үй деп аталу себебіне келетін болсақ: үйдің сыртқы киізі көп жағдайларда бор қосылып басылған ақбоз киізден жабылған. Бұл молшылық пен сәттіліктің белгісі болып саналғандығы туралы ғалым өз еңбектерінде жалып кетеді [5,336.]. Өзбекәлі Жәнібековтың басқа этнограф ғалымдардан айырмашылығы тұрақты баспаналарды зерттеп, өз еңбегінде қарастырып кетуі. Қазақ даласында көші-қонға қолайлы жылжымалы баспаналармен қатар отырықшы мәдениетінің негізі болып табылатын тұрақты баспаналар да жақсы дамыған. Тұрақты баспаналарға көшу Қазақстан аумағында егіншілік, қол өнер шаруашылығының дамуымен тығыз байланысты. Ғалымның зерттеулері бойынша алғашқы тұрақты баспаналардың бірі- жертөле болған. Жертөлени жерді шаршы пішінді қылып қазып топырақтан босатқаннан кейін, су, малдың қылы, қойдың жүні мен сабанды араластара отырып балшық илейді. Иленген басшықты қазылған шұңқырдың айналасын қатар-қатар қылып қалап, үйдің қабырғасын көтереді. Үйдің күн түсетін бөлігіне терезе мен есік орналастырылады. Үйдің іші-сыртын лаймен сылап, шатырды қамыс пен шөптен жасайды. Қыс мезгілінде үйді жылыту үшін от жаққанда түтін шығуға арналған тесік жасалады. Сыр бойында егіншілікпен айналысқан халық жазда қоныстануға арналған уақытша баспана- өлшек деп аталатын жертөле салған. Жертөлелер әр өңірде әр түрлі материалдардан салынған. Баспананы салу үшін көп жағдайларда шым, қам кесек, тақтатас пайдаланылған [5,22 б.]. Жертөледен бөлек ғалым қазақтың көне тұрақты баспаналарының бірі шошала болғандығын айтып өтеді. Шошаланың жасалу жолына келетін болсақ: алдымен үйдің қабырғасы дөңгелек етіп қаланады. Оның үстіне 10-15 шақты ұзын сырық қойылып, төбесі сүйір етіліп шығарылады. Үйдің қабырғасына жылуды сақтап тұру үшін ағаштар бұтақтарымен шошақтайды. Ал шатырын киізден жабады. Үйдің төбесінде түтін шығаратын шағын шаңырақ орналастырылады. Шаңырақ қойылған шошаланы- шарбақ шошала деп атаған. Шошаланы көбіне шымнан, қамыстан, қам кесектен, қыштан, тақтатастан жасаған. Ақмола, Атбасар, Құсмұрын, Жетікөл аймақтарында шошала бесбұрыш етіп жасалған [5, 40 б.]. Ежелгі Сырдария аңғарында өмір сүрген сақтар б.з.д. IV ғасырларда шошаларды пайдаланған [8,89 б.]. Шошала ұзақ уақыт бойы

жартылай көшпелі және отырықшы шаруышылығымен айналысқан қазақтардың тұрақты баспанасы болды. Алайда уақыт өте келе жетілдірілген баспаналардың шығуына байланысты шошала бұрыңғы маңызын жоғалтты. XIX ғасырда шошала қойма ретінде пайдаланылса XX ғасырдың 30-40 жылдары тұрмыстан мүлдем шығып қалды. Сонымен қатар этнограф өз еңбегінде қоржын үй деп аталатын баспана түріне тоқталып кетеді. Қоржын үй- қазақтың отырықшы мәдениетін ұстанатын аймақтарда кең тараған, арасы дәліздерден бөлініп екі бөлмеден тұратын баспана. Үйдің бір бөлігінде үй иелері тұрса, екінші бөлігі қонақтарға арналған. Үйдің салынуына келетін болсақ: үйді көп жағдайда су жиналмайтын, биік жерлерге салған. Үйдің қабырғасы балшық пен сабаннан тұрғызылған. Үй берік болып орналасу үшін қабырғалардың астына, яғни еденге қамыс төселген. Үйдің шатырын биік қылып жасаған. Шатырдың қызметін қамыс атқарған. Үйдің үстіне қамыс төселіп, топырақ пен лайды араластырып сылаған. Қоржын үйдің ішінде азық-түлікті сақтайтын арнайы бөлме орналастырылған. Үйді жылыту үшін от дәлізден жағылған. Жылу екі бөлмеге де ортақ дуал арқылы жетіп отырған [5, 49 б.]. Өзбекәлі Жәнібековтың қоржын үй туралы зерттеулерін орыс этнографы С.Руденконың зерттеуімен толықтырып өтсе болады. Этнограф С.Руденко Ойыл мен Сағыз өңірлерінде орналасқан қазақ қыстауларын зерттеп жүріп қоржын үй туралы мынандай пікірге келеді; «Қоржын үйлер тек қазаққа ғана тән баспана түрі болып табылады. Бұл үйлер қазақ даласында кем дегенде 2000 жыл бұрын пайда болған. Бұл барлық дерлік қазаққа тән баспана. Үйдің сырт-келбетіне үңіліп қарасаң қоржын тәрізді пішінді көруге болады.» [5, 42 б.]. Қоржын үй XX ғасырдың соғына қарай қолданыстан шығып қалады. Оның орнын заман талабына сай салынған үйлер алмастырады. Өзбекәлі Жәнібеков қазақ баспаналарының тағы бір түрі тоқалтам туралы жазып қалдырған. Тоқалтам- қоржын үйдің баламасы болып табылатын баспана. Этнограф өз зерттеулерінде тоқалтамды “қарсы есікті баспана” деп атаған [5, 52 б.]. Тоқалтам қамкесектен тұрғызылады. Бірінші үйдің қабырғалары саздан қаланып, кейін үйдің төбежабыны қабырғасымен қосып сыланады. Үйдің айналасына егін егілетін аймақ пен мал өсіруге қолайлы қоралар орналастырылған. Қалалық жерлерде тоқалтамның төбежабының шеті тақтаймен жабылған. Бұл баспаналар Ертіс жағалауы, Жетісу, Сырдария, Арал өңірлерінде кеңінен тараған. Алайда қазіргі таңда бұл баспаналарды сирек кездестіресің [5, 52 б.]. Ғалымның зерттеулеріне сүйенетін болсақ Алтайдың орманды-дала аймақтарында шарбақ үй деп аталатын ежелгі баспананың бір түрі кең тараған. Үйдің қаңқасы бұтақтардан тұрғызылып, іші-сырты батпақпен сыланған. Үйдің шатыры қамыс пен әртүрлі шөппен жабылған. Шатырдың ортасына от жағатын ойық және түтін шығаратын мұржа орналастырылған. Қазіргі уақытта қойма қызметін атқарады. Өзбекәлі Жәнібековтың пікірі бойынша тұрғын үйі халқымыздың мәдениеттің маңызды бөлшегі болып табылады. Этнограф біздің ежелден бері қалыптасқан баспаналарымыздың өзгеріске ұшырап, кейбірі қолданыстан шығып қалуының себебі Қазақстан Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін көшпелі өмір салтын ұстанатын халықты отырықшылықландыруға тырысуында жатыр деген байламға келеді. Осының салдарынан қазақтың байырғы заманнан бері қалыптасқан кәсібі мал шаруашылығы дағдарысқа ұшырап, көші-қонға пайдаланған көптеген баспаналар қолданыстан шығып қалды. Қазақ халқы отырықшылыққа көшкеннен кейін қабырғалары қамкесектен тұрғызылып, шатыры қамыстан жасалған тұрғын үйлер – қоржын үй, тоқалтам, тіркеспе сынды тұрғын үйлер салына басталғандығы туралы ғалым өз еңбегінде жазып кетеді [5, 83 б.]. Қазан төңкерісінен кейін қазақ жерінде ұлттық үй құрылысы салынбады. Қазақтың баспаналары сырттан келген жаңа стильдегі құрылыс эклектикасымен алмастырылды. «Өкінішке орай бүгінгі күні біз қазақы мәдениетіміз бен құндылықтарымызды жоғалтып жатырмыз. Қазіргі таңда халқымыздың басты міндеті ата-бабамыздан бері келе жатқан баспана түрлері секілді мәдени-тарихи мұраларымызды сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу, мәдени кодымызды әлемдік брендке айналдыру» - деп этнограф, ғалым Өзбекәлі Жәнібеков пікір қалдырады.

Қорытындылай келе, Өзбекәлі Жәнібеков қазақ этнографиясына соның ішінде қазақтың сәулет өнерінде сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Оның ғылыми мұрасы қазақ баспаналарының тарихи эволюциясын, олардың мәдени-рухани маңызын терең ашып көрсетуімен құнды. Оның ғылыми мұрасы қазақ тұрғын үйлерінің тарихи дамуы мен олардың мәдени-рухани маңыздылығын терең зерттеуімен құнды. Жәнібеков қалдырған деректерді жүйелі зерттеу және оны қазіргі заманғы сәулет өнері мен мәдени саясатта қолдану ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігі болып табылатын дәстүрлі тұрғын үй мәдениетін қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. Бұл тек өткенді құрметтеудің жолы ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды құралы болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Адырбек Б. Өзбекәлі Жәнібек. - Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2021.-384 бет.
2. Джанибеков У. Культура казахского ремесла. - Алма-Ата: Өнер, 1982. -144 с

3. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. - Алматы: Жазушы, 1992. -192 бет.
4. Жәнібеков Ө.Қазақ киімі.-Алматы: Өнер,2005.-160б.
5. Жәнібеков Ө. Жолайырықта. -Алматы: «Рауан» баспа үйі, 1995.-110 бет.
6. Алимбай Н. Муканов М.С. Аргынбаев Х.Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории.- Алматы: Ғылым, 1998 - 234 с.
7. Назарбекұлы С. Қазақтың киіз үйі.-Астана: Елорда,-2005-93 б.
8. Маргулан А.Х.Казахское народное прикладное искусство.- Алма-ата: «Өнер», 1986-246 с.

## ШЕРҚАЛА ТАУЫ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛҚАЛА ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ

**Бердібек А.Н.**

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

Uzakbaevn1973@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосынан 17 км солтүстік-батыс бағытта орналасқан Шерқала тауы, Қызылқала қалашығы туралы айтылады. Шерқала тауы Маңғыстау облысының көрікті табиғи объектілерінің бірі болып, өзінің ономастикалық және тарихи-мәдени маңызы арқылы ерекшеленеді. Таудың атауы араб тілінен аударғанда «өрттей жанған қамал» деген мағынаны білдіреді, бұл оның ерекше көрінісі мен ландшафтық ерекшеліктерін айқын сипаттайды. Ономастикалық тұрғыдан қарағанда, Шерқала атауы құрамындағы компоненттер арқылы өңірдің географиялық, мәдени және тарихи контекстін көрсетеді.

Сонымен қатар мақалада зерттеу барысында таудың атауының шығу тегі, кім зерттеді, құрамындағы лексикалық элементтердің мағынасы, сондай-ақ оның айналасындағы тарихи топонимдермен байланысы жан-жақты талданады. Бұл деректер қазіргі Маңғыстау облысының тарихи негізін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан Шерқала тауы табиғат пен мәдениеттің үйлесімін көрсететін ерекше ескерткіш болып саналады. Ол ғылыми зерттеулер мен туристік саяхаттар үшін маңызды орынға айналып қана қоймай, Маңғыстау облысының тарихи-мәдени мұрасын насихаттауда айрықша рөл атқарады. Сонымен қатар, бұл тау өңірдің көркем табиғатын сүйетіндер үшін тартымды әрі көрнекті демалыс орны болып табылады.

Кілт сөздер: Шерқала, ономастика, Маңғыстау, турист, зерттеу, археология, тарихи ономастикалық жүйе, атаудың шығу тегі, мәдени-тарихи мұра. өңірдің тарихи негізі.

Аннотация

В статье рассматривается гора Шерқала, расположенная в Мангистауской области, в 17 км к северо-западу от села Шетпе Мангистауского района. Гора Шерқала является одним из выдающихся природных объектов Мангистауской области и выделяется своим ономастическим и историко-культурным значением. Название горы в переводе с арабского языка означает «замок, горящий как огонь», что ярко отражает её уникальный облик и ландшафтные особенности. С точки зрения ономастики, название Шерқала через составные элементы показывает географический, культурный и исторический контекст региона.

Кроме того, в статье исследуется происхождение названия горы, кто её изучал, значение лексических компонентов, а также связь с историческими топонимами региона. Эти данные позволяют глубже понять исторические основы современной Мангистауской области. Таким образом, гора Шерқала является уникальным памятником природы и культуры. Она важна как для научных исследований, так и для туристических поездок, играя значительную роль в популяризации историко-культурного наследия.

Мангистауской области. Кроме того, гора является привлекательным местом отдыха для любителей живописной природы региона.

Ключевые слова: Шерқала, ономастика, Мангистау, турист, исследование, археология, историко-ономастическая система, происхождение названия, культурно-историческое наследие, исторические основы региона.